

Жөнелту алдындағы инспекцияны жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқау

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті 1995 жылғы 22 желтоқсан 212-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 24 маусымда N 177 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2000.03.18. N 93 бұйрығымен.

К І Р І С П Е

Тиеп жөнелту алдындағы инспекцияның схемасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 қарашадағы N 1301 P951301_ Қаулысына сәйкес 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне ендірілетін болады.

Қазақстан үшін тиеп жөнелту алдындағы инспекциясының жүйесі кеден төлемдері есебінен бюджеттің кіріс бөлігін көбейту, тауарлардың құнын жоғарлату салдарынан орын алатын капиталдың шығып кетуін болдырмау мақсатында ендірілді. Осы схема кеден органдарына импортталатын тауарлардың кедендік құнын анықтау және дұрыс сараптау есебінен импортталатын тауарлардың кеден төлемдерінің және салықтарының толық көлемде алынуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әдеттегідей, құны 3000 доллар және одан да жоғары (немесе басқа да валюталарда эквиваленттік құнымен) барлық тауарлар, тауардың экспорттық елінде оның мөлшерін, сапасын, құнын және сарапталуын тексеру мақсатымен тиеп жөнелту алдындағы инспекциядан ө т у г е м і н д е т т і .

Инспекция жүргізілгеннен және тауарды жөнелту туралы құжаттық дәлелдемелер алынғаннан кейін жүкті кедендік ресімдеу үшін қажетті басқа да құжаттармен бірге импорттаушының ұсынуға тиісті Инспекция нәтижелері бойынша есепті (ИНЕ) СЖС ресімдейді және береді.

N 1301 Қаулыға сәйкес схема СЖС офис СЭҚ қатысушыларынан импорт туралы хабарлама алатын кезде, яғни 1996 жылғы 3 қаңтардан жұмыс істей бастайды. Кеденге келсек, оған қатысты жүйе 1996 жылдың 14 қаңтарынан әрі қарай жұмыс істей бастайды. Тиеп жөнелту алдындағы инспекцияға жататын және Қазақстанға 14 қаңтарда және сол күннен кейін тиелетін тауарларды келген жерінде кедендік ресімдеуден өту үшін ИНЕ арқылы алып жүру керек.

С Ж С Р О Л І

СЖС "Импорт туралы хабарлама" арнаулы нысанын ала отырып, импорттау

ниеті туралы жазбаша хабарды алады. Бұл хабарламаны импорттаушы мүмкіндігінше ағылшын тілінде (ағылшын тілінде толтыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, хабарлама орыс тілінде толтырылады) толтырылады және Алматыға СЖС офисіне жібереді. Осы мақсатта СЖС офисінен ақысыз берілетін арнайы нысандар жасалынып отыр. Импорттаушының осындай нысандағы бланкісі болмаған жағдайда ол ерікті нысандағы бланкіде "Импорт туралы хабарламасы" бар барлық ақпаратты факспен жібере алады. Импорттық мәміле бойынша мәліметтер компьютерге ендіріледі және өнім қойылатын елге электрондық деректерді беру жолымен жіберіледі.

Осы ақпарат алынғаннан кейін СЖС офисі өнім қоятын елде экспорттаушымен екі жаққа да ыңғайлы уақытқа инспекция жүргізу күні мен орнын анықтау мақсатында байланысады. Инспекция жүргізу кезінде инспектор тауардың сапасын, мөлшерін анықтайды. Осы мақсатта лабораториялық зерттеу жүргізу үшін үлгілер алынуы мүмкін. Тауарлардың денелік күйін қарау дегеніміз тауарлардың мөлшері мен атауларын растауды білдіреді, ал сараптау мақсатында суретке түсірудің жүргізілуі мүмкін. Контейнерлерге толық жүк салғанда инспектор контейнерлерге жүктің тиелуін бақылайды және оны қорғасын м ө р т а ң б а м е н т а ң б а л а й д ы .

Тауарларды сараптау және оның құны туралы ақпарат СЖС офисіне жіберіледі және ол инспектордың баяндамасына негізделеді. Тауарларды сараптау Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне сәйкес және Қазақстан Республикасының Кедендік тарифі негізінде жүзеге асырылады. Экспорттың бағасын анықтау, осы уақытқа, сату кезінде және коммерциялық практикаға және барлық стандарттық шегерулерге сәйкес бірыңғай шарттармен сол елден экспорт үшін ұсынылатын, теңдестірілген немесе біртекті тауарлардікіндей бағасын белгілеу жолымен жүзеге асырылады. СЖС тауарларды өткізуге әсер ететін жалпыға бірдей факторларды және келісім-шарттың шарттарын еске алады. Бұл факторларға сатудың коммерциялық деңгейі мен көлемі, өнім қоюдың мерзімдері мен шарттары, сапасының өзіндік ерекшеліктері, арнайы дизайн, арнайы орамдар не жөнелту, мөлшері, қоймадан сатылуы, маусымдылығы, лицензиялауға ақы төлеу, зиялылық меншіктілігі, сондай-ақ әдетте шот-фактурада көрсетілмеген келісім-шарт шеңберінде ұсынылған қызмет көрсетулер жатады. Бұған Қазақстанның шекарасына дейін жүкті тасымалдау бойынша шығындар (тауарларды өткізу кезінде тиеу, түсіруге байланысты кететін шығындарды қосқанда) қамсатып алғаны үшін комиссиялық ақыдан басқа сақтандыру, комиссиялық және брокерлік сыйақылар да жатады. Жол берілетін айырымшылықтарды қоспағанда (кеден органдарымен уағдаластыққа сәйкес) бұл құн ИНЕ - де көрсетіледі.

ИНЕ мәліметтері импорттаушыға түпкі шот-фактураны ұсынуға кеңес беретін СЖС офисіне Алматыға жіберіледі. Осы ақпарат алынған соң ИНЕ-ға ұсынылған мәліметтер тағы да қайтадан тексеріледі. ИНЕ дайын болысымен СЖС импорттаушыларды хабардар етеді. Импорттаушылар жіберілген кеден мекемелерінің бірінен (тізім тіркеледі), Алматыдағы СЖС офисінен, Қазақстанның белгіленген кез-келген елді мекенінің бірінен, не жергілікті кеден мекемесінен, ИНЕ-ні алып кете алады.

КОНТЕЙНЕРЛЕРДІ МӨРТАҢБАЛАУ

СЖС контейнерлерді тек қана оларды толтыра тиеген кезде ғана (КТТ) таңбалайды. КТТ түсінігі СЖС-тің анықтауы бойынша төмендегіні: "ИНЕ-ні куәландыру үшін толық тиелген контейнер контейнердің ішіндегісінің бәрін сатушының СЖС-тің инспекция жүргізуі үшін сатушы ұсынған, сондай-ақ контейнерді тиеу үшін бақылауға құқық берілгенін" білдіреді. СЖС қорғасын мөртаңбамен таңбаланған жүкті жөнелту үшін, қорғасын мөртаңбамен таңбаланғандығы жөніндегі ақпарат (қорғасын мөртаңбаның нөмірі) ИНЕ-ге тапсырылады. Контейнерлерге жүк тиеліп қойылған кезде, бірақ жүк тиеп жатқанда инспектор оған қатыспаса, контейнер қорғасын мөр таңбамен таңбаланбайды және ИНЕ-де контейнердің толық тиелмегендігі көрсетіледі.

Инспекцияланған тауарларды контейнерлерге тиеуге рұқсат беруге дейін СЖС инспекторы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатымен контейнердің физикалық күйіне байқау жүргізеді.

Егер контейнердің қандай болмасын бөлігі күдік келтірсе, оның себептері жойылғанша контейнерді пайдалануға рұқсат етілмейді. Қауіпсіздік мақсатымен контейнерлердің физикалық күйін байқауға сонымен қатар контейнердің ішкі және сыртқы бөлімдеріне жасырын түрде салынғандарды анықтау мақсатында байқау да кіреді. Жасанды не жасырын түрде салынғандарды пайдалану контрабанданың ең кең тараған түрлерінің бірі болып табылады.

Инспекцияның кепілдемесі ретінде СЖС контейнерлерді қорғасын мөртаңбамен таңбалайды. Қорғасын мөртаңба Қазақстанға жүктің келген кезінде қорғасын мөртаңба бұзылмаған жағдайда, кеден органдарының шешімі бойынша жүк еркін айналымға жіберілуі не физикалық күйін кедендік тексеру жүргізілмей-ақ басқа кез-келген кедендік режимге орналастыруы мүмкін. Егер жергілікті кеден органдары мөртаңбаланған контейнерлерді тексеруге шешім қабылдаса, олар СЖС офисімен байланыс жасауға және бірлескен кедендік тексеру жүргізуге тиісті.

ТИЕП ЖӨНЕЛТУ АЛДЫНДАҒЫ ИНСПЕКЦИЯҒА ЖАТПАЙТЫН

Т А У А Р Л А Р

Тиеп жөнелту алдындағы инспекцияға жатпайтын тауарлар бойынша ақпараттар осы құжаттың қосымшасында ұсынылған. Сонымен бірге анықтау үшін төмендегі ақпаратты ұсынамыз.

Жалпы құны 3000 доллардан азы тауарлар.

Бұл тауарлар егер олар жалпы көлемі 3000 доллардан асатын келісім-шарт бойынша жеткізілімнің бөлігі болып табылған жағдайды қоспағанда тиеп жөнелту алдындағы инспекцияға жатпайды.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы жеке тұлғалардың қол жүгімен өткізілетін және өндірістік немесе өзге коммерциялық қызметке арналмаған тауарлар тек қана тауарларды өткізетін адамның және оның отбасы мүшелерінің пайдалануы немесе тұтынуы үшін әкелінсе және тауарларды пайдалану кез-келген нысанда табыс табуға байланысты болмаса, мұндай тауарлар тиеп жөнелту алдындағы инспекциядан босатылады. Кеден органдарының лауазымды адамының тауарлардың не үшін арналғандығын анықтауы жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізу тәртібі туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі (1995 жылғы 2 қарашадағы N 1440). Егер тауарлардың өндірістік немесе өзге коммерциялық қызметке арналғандығы анықталса және олардың құны 10000 доллардан артық болса, кеден органдары жіберілетін пунктте инспекцияны тағайындай алады. Осы мақсатпен импорттаушы Қазақстандағы СЖС Лтд офисіне қайырылуы қажет. Инспекция жүргізуге байланысты шығынды тауардың иесі өтейді.

ЕЛДЕР БОЙЫНША ЖОЛ БЕРІЛЕТІН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қосымшадан атап көрсетілген елдерден шығарылатын және импортталатын барлық тауарлар тиеп жөнелту алдындағы инспекцияға жатпайды. ТМД елдері аумағына еркін айналымға жіберілетін үшінші елдерден шығарылатын тауарлар тиеп жөнелту алдындағы инспекцияға жатпайды. Осы елдердің аумақтары арқылы транзит арқылы өткізілетін тауарлар жөнелтетін елде тиеп жөнелту алдындағы инспекцияға жатады.

Осы елдерде тауарлар кедендік ресімдеуден өтпеген деп ойлауға негіз бар болатын жекелеген жағдайларда жіберуші кеден жөнелтуші елдің кеден органымен байланыс жасайды және жіберілген орнында инспекция жүргізу қажеттігі туралы мәлімдеме жасай алады.

ИНЕ БАСЫП ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

ИНЕ Алматыдағы СЖС офисінде басып шығарылады. Импорттаушылар Импорт туралы хабарламада олардың қай жерден ИНЕ алуы ыңғайлы екендігін көрсету қажеттігі туралы мәлімет алады.

Алматыдан тыс жерге орналасқан орынға жеткізуді курьер жүзеге асырады.

Хабарламаны алғаннан кейін кеден мекемелері бақылау қағазындағы нөмірлерді тексеруге және импорттаушы туралы деректерді тізімге тіркеуі керек. Бақылау қағаздары келіп түскен күнінде тіркелуі тиісті. Егер импорттаушы ИНЕ алып кеткісі келсе, кеден қызметкерлері ИНЕ-де көрсетілген Импорт туралы Хабарламаның нөмірін ұсынылған Импорт туралы хабарлама нөмірімен салыстыруға міндетті. Одан кейін импорттаушы бақылау қағазына қол қоюға және күнін жазуға тиіс. Хабарланғаннан кейін 6 ай ішінде алынбаған аяқталған бақылау қағаздары және ИНЕ көшірмелері Кеден комитеті мен Алматыдағы СЖС офисіне жіберілуі тиіс.

И Н Е Т Е К С Е Р У

1996 жылғы 14 қаңтардан бастап немесе сол күннен кейін кеден органдары кеден органдарына төлем тапсырыстарымен бірге ұсынылатын ілеспелі құжаттарда көрсетілетін тауарларды тиеу күніне ерекше назар аударуы тиіс. Қазақстанға 14 қаңтарда және одан кейін кедендік ресімдеу процедурасынан өту үшін тиелген, тиеп жөнелту алдындағы инспекция шарттары қолданылатын барлық тауарларға ИНЕ-ні көрсету талап етіледі. Егер тауарлар тиеп жөнелту алдындағы инспекциядан өтпей-ақ тиелген болса, импорттаушы инспекцияның процедурасынан импорттау елінде, атап айтқанда Қазақстанда өтуі тиіс. Импорттаушы импорттаушының есебінен жүргізілетін осы инспекцияны жүргізу үшін Қазақстандағы СЖС Лтд. офисіне қайырылуы тиіс.

Аймақтық кеден басқармалары Кеден комитетін Қазақстанда инспекция жүргізілген импорттаушыларға деректер жинақталатын импорт елінде инспекция жүргізудің барлық жағдайлары туралы хабардар етуі тиіс. Жергілікті кеден мекемелері импорт елінде инспекция жүргізу үшін рұқсат береді және осындай рұқсат берудің барлық жағдайлары туралы Кеден комитетін хабарландырады. Белгіленген тәртіпті бұзып, тауарларды өткізетін импорттаушыға Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" заң күші бар Жарлығының 285 бабында көзделген шаралар (санкциялар) қолданылады.

ИНЕ-ні кеден органдары "рұқсат етілмеген қаржыларды" анықтау тәсілдерінің бірі ретінде пайдаланылуы мүмкін. ИНЕ-де СЖС инспекциялаған тауарлардың мөлшері және тиелген тауарлардың мөлшері талдап көрсетіледі. Көбінесе осы деректер ұқсас болады, бірақ кейде түпкі құжаттар вагонда немесе

жүк автомобилінде орын жеткілікті болмағандықтан не ұйғарылғаннан көп тиелгендігі себебінен мүмкін болып, тауарлардың аз тиелгендігін көрсетеді. Алғашқы жағдайда ИНЕ-де тиеп жөнелтудің ұйғарылған мөлшері, кеден бақылауы және айырмашылығы үшін ұсынылатын нақты мөлшері көрсетіледі.

Түпкі құжаттарда тауарлар ұйғарылғаннан көп тиелді деп көрсетілген жағдайда, импорт елінде инспекция белгіленеді. Бұл инспекцияны Қазақстандағы С Ж С Л т д . жү р г і з е д і .

Қ Ұ Н Ы

СЖС кедендік құнды анықтау үшін барлық шығындар үстемеленетін тауардың экспорттық нарықтық құнын анықтайды.

Бұған жеткізу, сақтандыру, комиссиялық және делдалдық шығындар жатады. Бұл құн инвойста көрсетілген құнға сәйкес келетіннен басқа жағдайларда ИНЕ-ге жазылады. ИНЕ оны басқа да құжаттармен бірге тауарды кедендік ресімдеу үшін көрсетуге тиісті импорттаушыға беріледі. ИНЕ-ні алғаннан кейін импорттаушы не делдал мәлімделген құнға қатысты шешім қабылдауға тиісті. Ол олардың айырмашылығы бар жағдайда ИНЕ-де не инвойста көрсетілген құнды негізге ала ма, жоқ па? Егер негізге СЖС ұсынылған құн алынса, кеден органдары да оны негізге алуға тиісті. Егер кеден төлемдерін және салықтарын есептеу үшін инвойста көрсетілген құн қабылданса, кеден органдарынан құнның күмән тудыруы мүмкін екендігі туралы (ИНЕ) айғағы болғандықтан мәлімделінген құнның қаншалықты заңды екендігі жөнінде шешім қабылдау талап етіледі. Мұндай жағдайларда импорттаушыдан олар мәлімделген құнның шындыққа сәйкес келетінін құжатпен дәлелдеп көрсету талап етіледі.

Жеткілікті дәлел болған жағдайда инвойста көрсетілген құн есептеу үшін негізге алынуы мүмкін. Барлық ақпарат төлем тапсырысында жазылуы тиіс. Егер импорттаушы жеткілікті дәлелдерді көрсете алмаса, не кеден оған қанағаттанбаса, ИНЕ-де көрсетілген құн есептеу үшін негізге алынады.

Алматыдағы СЖС өкілдігінің мекен-жайы:

480083, Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі, 127 үй, 3 қабат

тел. (+3272) 50-75-41

50-75-42

50-75-43

50-75-44

факс (+3272) 50-76-76

50-76-70

Тиіп жөнелту алдындағы инспекцияға жататын және Қазақстанға 14 қаңтарда және сол күннен кейін тиелетін тауарларды келген жерінде кедендік ресімдеуден өту үшін ИНЕ арқылы алып жүру керек.

Қосымша: Импорт туралы хабарламаның көшірмесі 1 парақ

Инспекция нәтижелері туралы есептің (ИНЕ)

үлгісі 1 парақ

Импорттаушылар үшін жалпы деректер 1 парақ

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.